



БҰЙРЫҚ

02 қаңтар 2020 жыл

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 226

город Балхаш

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қалалық білім беру ұйымдарының директорлары:
 - 1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;
 - 2) білім беру ұйымдарында:
 - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге акша жинауға;
 - мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
 - мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін акша жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерілерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілісін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);

4) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілер мен директорға тиісті шаралар қабылдансын;

6) білім беру ұйымдарында қаражатты заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған білім беру ұйымдарының басшыларына тәртіптік жазадан лауазымнан босатуға дейінгі шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықты білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. «Балқаш қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 482 бұйрығы жойылсын.

Балқаш қаласы білім
бөлімінің басшысы



Г.Агдарбекова